

Тақырыбы: 25 - Қазан республика күні!



Тәрбиеші: Бимашева Г.Б.

Тақырыбы: 25- Қазан республика күні!

Мақсаты: Балаларды туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Бақытқа жетер даңғыл жолдың бірі- туған Отанды сүюден басталатынын түсіндіру. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту.

-Балалар сендер қандай мемілекетте тұрасыңдар?

— Қазақстан мелекетінде тұрамыз.

-Қазақстан мемілекетінің президенті кім?

-Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлы

-Сендер қай қалада тұрасыңдар?

-Ақтөбе қаласы, Хобда ауданында тұрамыз.

«Оюды безендір»

Шарты: Балаларға түрлі оюлар беріледі. Марблс тастарын оюлардың түстеріне қарай (қызыл түсті ою-өрнек болса, қызыл түсті марблс тастарын) қойып шығулары керек.

Рамина:

Көгінде күн нұрын төккен,

Жерінде гүл жұпар сепкен.

Неткен сұлу, неткен көркем,

Осы менің туған өлкем!

Динара:

Шықты тарап ой данадан,

Бері қарады жұлдыз беті.

Өзі қалап сайлап алған,

Елімнің бар Президенті.

«Көлеңкесін тап»

Шарты: Балалар суретте берілген тәуелсіздік нышандарының (ту, елтаңба, бәйтеректің) суреттерін сол көлеңкесін тауып, үстіне қойып шығулары керек.

Айшагүл:

Әнұраным, жан ұраным

Туған жерім сағынарым.

Мәңгі-бақи шырқалады

Республика, Әнұраны.

Алихан:

Жерімнің дәні маржандай

Қыrmаны асқар таулардай

Республикама қарашы!

-Жәрайсыңдар балалар, Республикамыз туралы тақпақтар айттық.

Қазақстан рәміздері туралы мәлімет

1992 жылы 4-маусымда жаңа мемлекеттік рәміздер Елтаңба, Ту, Әнұран бекітілді.

Елтаңбаның, тудың суретін көрсету.

-Елтаңбаның қандай белгілері бар?

-Тудың түсі қандай? Қандай белгілері бар?

Сергіту сәті:

Елімде тыныш, жерімде тыныш,
Бейбіткүн әні шырқалсын.
Бақытты елім, жақұтты жерім,
Тіл көзден сені сақтасын.

«Дадекаэдр» ойыны.

Шарты: Дадекаэдрді лақтыра отырып, балаға суреттің қай жағы түссе, сол сурет арқылы білгенін айтып беруі керек.

Қортынды:

25- қазан қандай күн? -Республика күні

Қазақстанның тұңғыш президенті кім? -Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев

Қазақстанның қазіргі президенті кім? -Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлы

Қазақстан елінің келешегі сендерсіңдер білімді ақылды болсаңдар көктуымызды талай көкпен
желбірететіндеріне біз сенеміз!







